

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ МАҚАЛАЛАР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

### Құныскерей Аяұлым Нағиқызы

«Журналистика және ақпарат» мамандығының 2-курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
[kunyskereev@mail.ru](mailto:kunyskereev@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі: Нұрсұлтанова Г. Ж.  
«Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының  
сеньор лекторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі  
[nursultanova.g@asu.edu.kz](mailto:nursultanova.g@asu.edu.kz)

Ұлттық деңгейдегі экологиялық мәселелерді шешу және қауіпті мәселелерді болдырмау бағытындағы басты міндеттердің бірі – масс-медиа әлеуеті арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарында бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғаммен байланыс тетіктері арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыратын салалардың қолжетімділігін арттыруға болады. Экологтар одағының нақты және перспективалық мүмкіндіктерін анықтай отырып, олармен бірге ортақ істерге жұмылу, сөз пәрменділігін жетілдіру, апаттың алдын алу шараларын жүзеге асырудың жолдарын қарастыру, өзара тәжірибе алмасу бүгінгі экологиялық журналистиканы, оның ішінде Атырау облысындағы экологиялық жағдайларды сөз еткен мақалаларды жинақтап талдаған болатынмын.

Экология ұғымы көбінесе қоршаған ортаны қорғаумен теңестіріледі, ал қоршаған ортаны қорғау – бұл адам қызметінің табиғатқа теріс әсерін шектеуге арналған шаралар кешені. Қоршаған ортаны қорғау журналистер экология саласында жариялайтын мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты экологиялық журналистикада жарияланатын мәселелердің шеңберіне қандай ақпарат кіретінін анықтау маңызды.

Атырау облыстық БАҚ проблемаларын зерделеу, аудиторияның әлеуметтік демографиялық сипаттамалары, кері байланыстың болуы БАҚ-тың сәтті жұмыс істеуіне әсер ететін маңызды фактор және аймақтағы баспасөз бен электрондық БАҚ ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыруға да ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының аудиторияға қазақстандық қоғамды трансформациялау тұрғысынан әсер етуі осы саладағы теориялық зерттеулерден әлдеқайда ықпалды болғандықтан, осы кезеңде аймақтық БАҚ-тардың жұмысын талдау қажеттілігі туындайды. Отандық және шетелдік әдебиеттерді сараптау барысында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеу проблемалары әлі күнге дейін арнайы зерттеу тақырыбы болып табылмағандығы туралы қорытынды жасауға әкеледі.

Қазақстанның өңірлері арқылы жаңару идеологиясы қарқынды дамуда, аймақтық БАҚ тағдыры Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі үшін маңызды. Аймақтық баспасөз басылымдарының қарқынды дамуы жана қазақ баспасөзін зерттейтін әлеуметтанушылардан алынған деректермен расталады. Жалпы қазақ газеттерінің соңғы онжылдықта пайда болған барлық бұқаралық ақпарат құралдарынан үлесі – 15,7%, ал облыстық (облыстық, республикалық) – 47,8%, қалалық және аудандық – 12,3%, аймақаралық (бірнеше көршілес облыстарда таратылған) – 11,4% (Деректер: Қазақстан аумағында жұмыс істейтін БАҚ бойынша ҚР ҰЭМ және АҚМ Статистика жөніндегі комитетінің деректерінен алынды). Сонымен, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі «өсу нүктелері» шағын қалалар, ауылдарда емес, аймақтық, облыстық және республиканың үлкен орталықтарында орналасқан [1].

Аймақтық БАҚ жүйесі негізінен жергілікті жағдайларға байланысты. Саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық тұтас бірқатар факторлар өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының дамуын айқындайды. Бұқаралық ақпарат құралдарын

дамыту үшін олардың географиялық жағдайы – орталықтан қашықтық, мемлекеттің шекарасына жақындығы және т.б. географиялық талаптары маңызды. Шекаралас облыстардың бұқаралық ақпарат құралдары Астанадан, Алматыдан келген жаңалықтарға және көрші елдерде болып жатқан оқиғаларға назар аударуы керек. Шалғай аймақтардағы баспасөз орталық аймақтағы баспасөзбен төмен деңгейде бәсекеге түседі, бірақ шетелдік ақпарат арналарының аудиториясына әсерін ескеру керек.

Мегаполистер бар өңірлердің медиа-жүйелері мен аграрлық профильді аймақтар арасындағы айырмашылықтар барған сайын артып келеді. Мегаполистік басылымдар мысалы, Алматыда, Шымкентте өте көп және қарқынды дамып келеді. Экономиканың құрылымында негізінен ауыл шаруашылығына жақын аудандарда, керісінше, жергілікті басылымдардың ауқымы әлдеқайда тар, ал орталық баспасөздің кеңеюі байқалады. Баспасөздің типологиялық құрылымы түпкілікті анықталған жоқ: бірқатар тегін жарнамалық газеттер мен телегидтерді қоспағанда, көптеген газеттер дәстүрлі қоғамдық-саяси бағытта жұмыс істейді, бұл сөзсіз бәсекелестіктің қарқын алуына әкеледі және соның салдарынан таралымның төмендеуі мүмкін.

Аймақтық басылымдардың басты мәселесі – билік құрылымына тәуелділігі, яғни қазіргі билік құрылымы бұрынғы аудандық биліктен әлдеқайда күшті. Іс жүзінде бұл коммуналдық кәсіпорындар. Көптеген аудандардың бюджеті нөлге тең болғандықтан, жергілікті кәсіпорындар қызмет жасамайды: берілетін субсидия аз, жарнама да дәл солай. Бірақ, тіпті өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған аймақтық газеттер жергілікті билік өкілдерімен байланысты үзбейді: кенеттен экономикалық жағдай өзгеруі мүмкін, аталған басылымдар қолдаусыз қалуы да ғажап емес. Дегенмен, аудандық басылымдар өміршен келеді, кейбір аймақтарда әкімшіліктің дербес басылымдары да бар. Кейбір газеттер жарнамалық-ақпараттық бағытқа бет бұрады, бұл олардың таралу аймағын тіпті жақсартуға мүмкіндік береді [2].

Жалпы алғанда, жергілікті жарияланымдардың бюджеті жарнама қызметінен, айналымды жүзеге асырудан, газеттен тыс қызметтен, мемлекеттік субсидиялардан немесе құрылтайшының қаражатынан тұрады. Бұл кешендердің қатынасы көптеген факторларға байланысты: облыстың экономикалық жағдайына, онда табысты кәсіпкерлердің болуы немесе болмауы, жарнамаға, халықтың қауіпсіздігіне, жергілікті билік органдарына редакциялық тәуелділіктен және іскерлік белсенділікке ие. *«Өкінішке орай, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігінде жергілікті билік органдарына тәуелділік, экономикалық прогресстің жоқтығы, жергілікті баспасөзге басқа дамып келе жатқан жетіспеушіліктерді жеңуге мүмкіндік бермейді: нақты типологиялық құрылым мен аймақтық аудиторияның талаптарына сәйкес келмеуі, аймақтық газеттердің мазмұнындағы теңсіздік, аймақтық баспасөздегі ашық императивтердің әлсіреуіне әкелді»* - дейді Ресейдің аймақтық басылымдарын зерттеген ғалым И.А.Шахова [3].

Жалпы айтқанда, Қазақстандағы өңірлік БАҚ әлеуметтік функциялардың кең ауқымына ие. Олардың әрқайсысы тарихи дамудың кез-келген кезеңінде өз маңыздылығын жоғарылатты, кейбірі керісінше, жоғалтты. Қорыта айтқанда, аймақтық БАҚ-тың қоғамдық міндеті осыған саяды.

Аймақтық газеттер тарихына тыңғылықты зерттеу жүргізу барысында ұлттық мәдениеттің арнасын кеңейте түседі. Сондықтан да аймақтық журналистиканың тарихын, қалыптасу, даму кезеңдерін жүйелі түрде зерттеу уақыт талабынан туындап отыр. Қазақстанның барлық аймағы да ежелден әдебиет пен мәдениеттің рухани ошағы. Ұлттық журналистикамыздың дамуы мен қалыптасу жолына көз жіберер болсақ, барлық облыстарда кенес заманында да, қазір де мерзімді басылымдардың көпшілігі шығып, ұлттық сөз өнерінің майталмандары Б.Кенжебаев, Ә.Нұршайықов, Қ.Мұхаметжанов, Р.Нұргали, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, А.Сейдімбек, Қ.Салғараұлы, Ж.Әбдіхалық т.б. журналистік шеберліктерін Қазақстанның аймақтарында шыққан басылымдарда шындаған [4]. Мысалы, қазақ журналистикасы тарихындағы тұңғыш зерттеушілердің бірі журналист Б.Кенжебаев, белгілі публицист Ә.Нұршайықов солтүстік өңір басылымдарында

қаламынын ізі калған. Сондықтан да аймақтық журналистиканын қазақ журналистикасы тарихында орны ерекше.

Қазақстандағы аймақтық журналистика тарихын ұлт тарихымен бірге қарастырып, бүгінгі күнге дейінгі қалыптасу, даму кезеңдерін ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеу бүгінгі күннің талабы. Аймақтық мерзімді баспасөздің қазақ журналистикасындағы өзіндік орны бар, Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуындағы рөлін және қоғамдық пікір қалыптастырудағы пәрменділігі де жоғары.

Қазақстанның аймақтарындағы аудандық газеттердің тарихы, онда қызмет істеген журналистердің шығармашылық шеберханасы, даралық қолтаңбасы, қазіргі таңдағы ізденістері әлі зерттелмей отыр. Қазақстан аймақтарындағы танымал журналистердің өмірі мен шығармашылық қызметі, әр жылдардағы публицистикалық еңбектеріне сараптама жасалмаған, сонымен қатар облыстық газеттердің тарихы мен қалыптасу жолына зерттеу жүргізу де кезек күттірмейтін өзекті тақырып деп білеміз.

Зерттеулерге сәйкес, аймақтық БАҚ-тың трансформациясы қазіргі уақытта өте өзгермелі түрде: бір жағынан, аймақтық БАҚ саяси коммуникацияның күшті, әрі ықпалды арнасы болып қала береді, БАҚ бір мезгілде басшысының саяси преференцияларына тәуелденіп, саясаттанады.

Ендігі аймақтық журналистиканың өзіндік әдіс-тәсілдерінің негізінде БАҚ беттеріндегі аймақтық экология тақырыбында жазылған мақалаларға талдау жасап көрелік. Автор Атырау өңіріндегі экологиялық мәселелерді қаншалықты көтере алды және оның шешімін таба алды ма деген сұраққа жауап беретін боламыз.

Каспий теңізінде су деңгейінің тұрақсыздығы бүгінде табиғи үрдіске айналғандай. Оған себеп жаһандық климаттың өзгеруі. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінің «Экология» айдарында 2021 жылы 8 маусым күні шыққан санында «Каспий теңізі тартылып жатыр» деген тақырыпта мақала жарияланды. Аталмыш мақалада автор 1930 жылдардан бастап Каспий теңізінің деңгейі төмендегені сияқты мәселелерді қозғайды[5]: *«1977 жылға қарай теңіз деңгейі 3 метрге, минус 26-дан 29 метрге дейін төмендеді. Содан кейін су деңгейі қайтадан көтеріле бастады, сондықтан 1995 жылы ол 3 метрге көтеріліп, минус 26,62 м-ге жетті. Осы кезеңде су деңгейі жылына шамамен 14 см-ге дейін көтерілді, ал кейбір жылдары - 36 см-ге дейін циклдік құлдырау болды.*

*Каспий теңізі желдің әсерінен мезгілсіз ауытқуды бастан кешіруде. Мысалы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде, Жанбай теңіз гидросты аймағында мұндай маусымдық құбылыс анық байқалады. Әсіресе көктем мен күзде. Ол солтүстік-шығыс пен оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр.*

*Ал жазда жел күшеймегенде мұндай жағдай байқалмайды. Теңіз деңгейінің көтерілуі желдің жылдамдығы 10-15 м/с болғанда ғана байқалады және 10-12 сағаттан 1-2 тәулікке дейін созылады. Желдің жылдамдығы секундына 15-25 м болса, биіктігі 1,5-2 м және одан да көп болады.*

*Соңғы жылдары Каспий теңізі деңгейінің ауытқуы климаттың антропогендік өзгеруінің әсерінен өзгертін су балансының сипаттамаларының қатынасымен байланысты. Мамандардың бағалауынша, 2006-2020 жылдар аралығында Каспий теңізіне жауын-шашын аз түсіп, булану процесі қарқынды болған. Еділ өзені алабындағы су көлемі де аз болды. Оның басты себебі – жаһандық жылыну. Айта кету керек, Каспийдің көтерілуі мен құлдырауы бұрын да болған және ұзақ мерзімді табиғи циклдік сипатқа ие. Соңғы жылдары жаһандық жылыну Каспий теңізіне әсер ете бастады».*

Қарт Каспийдің экологиялық жағдайына қатысты аймақтың «Маңғыстау Медиа» газетінің 2019 жылғы 16-қаңтардағы санында «Каспий экологиясы – адамдар қолында» деген атаумен жарияланды [6]. Авторы – Үміт Жәлеке.

«Көптеген сарапшылардың пікірінше, Солтүстік Каспийдегі ластаушы заттардың көпшілігі Еділ мен Жайық өзендерімен қатар теңіздегі мұнай кен орындары мен көбелектер ұңғымаларынан келеді. Қашаған кен орнында 2006-2016 жылдар аралығында жүргізілген

зерттеулерге сәйкес, ауаны ластаудың негізгі көзі А және Д аралдарында кен орнының теңіз кешеніндегі бұрғылау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының нәтижесінде анықталды.

Теңізде 22 жылдан бері жұмыс жасап жатқан мекеме туралы айта кетер болсақ, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» компаниясы (НКОК) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (ӨБК) мен оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар шеңберінде консорциум құрамындағы жеті серіктес компания атынан 11 блокта көмірсутегі қорларын барлау және өндіру жұмыстарының операторы ретінде қызмет атқарады. Солтүстік Каспий бойынша ӨБК шеңберіндегі мердігерлік учаскенің аумағы 5 600 шаршы шақырым құрайды және Атырау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым қашықтықта орналасқан Қашаған алып мұнай кенорнын қамтиды. Сонымен қатар учаскеде Қаламқас теңіз, Оңтүстік-батыс Қашаған, Ақтоты және Қайраң кенорындары бар.

Қазақстанның, Ресейдің, Әзірбайжанның, Иранның және Түрікменстанның президенттері қатысқан халықаралық Каспий маңы мемлекеттері басшыларының бесінші саммитінде тараптар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, теңізде экономика, көлік транзит, экология, қауіпсіздік және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық орнату мәселелерін талқылағаны белгілі. Соның ішінде теңіздің құқықтық мәртебесінің анықталуы теңіз суы табанынан мұнай мен газ құбырын және кабель жүйелерін тарту мәселесі қаралып, құжаттың ең маңызды бөлігі 14-бапта: *«Тараптар Каспий теңізінің түбі арқылы су асты кабельдері мен құбыржолдарды төсей алады» деп атап көрсетілгендігіне байланысты жағалаудағы мемлекеттер Каспийдің түбінде мұнай құбырларын салу құқығын және «Каспий теңізі секторының теңіз түбі мен минералдық ресурстарды бөлудегі жалпыға танылған қағидаттары мен құқықтық нормаларға сәйкес жақын және қарама-қарсы елдің келісімішарттары негізге алынатын болады»* делінген құжатқа сәйкес тараптар теңіз қайраңын тең дәрежеде пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Теңіздегі шикізатты барлау, оны өндіру, платформа мен құбыр төсеу кезінде теңіз суына келген зиянның барлық жауапкершілігі әр елдің өзіне жүктеліп, көмірсутегін өндіру, оны экспорттауда төтенше жағдайлардың орын алу қаупі басымдығы ескеріліп, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды жобаларды іске асырушы тарап мойнына алатын болып келісілді» - деп автор теңізге қатысты өзекті мәселелердің шешімін тапқандай болды.

Келесі мақалаға көшсек, Шетел капиталистері Атырауды екінші Чернобыльге айналдырмақ «Атамекен» газетінің 2001 жылғы 21-ақпан күні жариялаған С.Өтепбергеновтың *«Шетел капиталистері Атырауды екінші Чернобыльге айналдырмақ»* атты проблемалық мақаласында көгілдір отын мәселесі мен Атырау жерінің экологиялық жағдайы деректер арқылы оқырманға жеткізілген[6]. Сондай-ақ, мұнай іліспе газының қазақ даласында ысырапқа ұшырап жатқаны тілге тиек етіледі. Мақала авторының пайымдауынша осынша мол отынды шашаусыз жинап алып, қамбаға құюға шамамыз жетпейді екен. Бұдан айнала қоршаған орта азап шегуде. Туған табиғатпен арадағы тепе-теңдік бұзылып жатыр. Ашық аспан асты түтінмен тұншығып, күлге орануда. Ендеше осынша отынды айдалаға қысы-жазы жаққанша, өз қалаларымызға неге жөнелпейміз? Ысырап атаулыға неге берік тосқауыл қоймаймыз? Әрі өзбектердің газ құрсауынан құтылмаймыз ба? Проблемалық мақалада осындай сұрақтар төңірегінде талдаулар жасалады. Шындығына келсек, мұнайдың іліспе газы таза, еш қоспасыз күйінде таза көгілдір отынға айналады екен. Үйінді де жылытады, қазаныңды да қайнатады. Тағы басқа кәделерге де жарайды. Ал енді атшулы Теңіз кенішінде жетіқат жер астынан дүмпіген дүлей күштің құрамында жоқ емес зат жоқ. Солардың ішінде ең кереметі – күкіртті газ. Кешенді-технологиялық желі жылына үш миллион тонна мұнай өндіре алады. Бұл жерде күкірттің де зиянын айта кеткеніміз орынды.

Бұл жөнінде тілші: *«Ол айналасының бәрін ушықтырып, күш үздіктіріп тұр. Қанша жерден мақтап-мадақта шетелдік жабдықтар көздің жасындай кінәратсыз емес, тәйірі. Оның да «әттеген ай!» дегізгерлік ұрымтал тұстары сәт сайын кездесіп жүр. О баста оларды әулие тұтсақ осал жақтарын енді-енді біліп, бармақ тістеп жатқан жағдай бар.*

*Амал қанша, енді бәрі кеш. Алдын-ала 40 жылға жасалған келісім шарт сорлатып күндердің күнінде түбімізге жетері хақ. Біздіңше, мопмомақан республика жұртшылығының Атырау атырабы жөніндегі ұғымдары мен түйсік-түсініктері бір жақты. Яғни, Атырау – Клондайк! Телегей теңіз мұнайдың Отаны, сол «қара алтынның» ақ шаңқан астанасы. Бәрінің арқа тұтатыны Атырау, қала берді Каспий қайраңы. Анау Біріккен Араб Эмираты, анау Сауд Аравиясы, анау кішігірім Кувейт мемлекеттері тәрізді жылына сыртқа 100 миллион тоннадан астам мұнайды экспорттай алатын болсақ басқа жұртты қайдам, ал Атыраудың жергілікті халқын алтынмен аптап, күміспен күптеу мүмкін емес», - дейді. Бірақ... Бірақ барлығы жантүршігерлік жағдайда болып тұр.*

Ел күйзеліс құшағында. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілуге жақын. Мұны көріп-білмей отырған жоғары орындар тағы бар. Ең бастысы – республика жұртшылығы көп ретте бейтарап, ынта-жігерден ада, бәріне әбден еті өліп кеткені соншалық, бей-жай. Халықтың пікірінше, Теңіз кенішінің күнделікті өнімі – барып тұрған зілзала. Бұдан бүкіл Каспий маңы ойпатындағы күллі елдер опық жеп жапа шекті. Алдымен көршілес Астрахань облысына көңіл бөлсек, мұнда Ақсарай аумағы, бүкіл Нариманов ауданы үдере көшіп кетудің аз-ақ алдында тұрған болатын. Радиусы 100 шақырым төңіректе көк шөп өспейтін болған. Өссе де тотияйнмен, күкірт қышқылымен қайтадан күйіп кетеді. Жан-жануарлар да күйзеліс үстінде.

Демек, бұл маңдағы экологиялық жағдай әбден ширығып қатты шиеленіскен күйде қалған. Алғашқы жылдары Астраханның ала қарбыздары мен басқа да көкөністері халыққа көп пайда әкелген. Енді Батыс Қазақстан обылысында орналасқан әйгілі Қарашығанақ газ конденсаты кенішін тілге тиек етелік. Мұнда да сол кереғар жағдай. Бүкіл Бөрлі ауданының Ақсай қаласының тұрғындары күкіртті газдан әбден зәрезап болған, айналасында сау адам жоқ. Бәрі де тыныс жолдарынан деміге бастаған. Айтса да, айтпаса да үкімет бұл жерде тас саңырау қалып танытқан. Оларға тек ағылтегіл отын керек. Ал қазақ атаулының тағдыры ойыншыққа айналған! Одақтық мұнай министрлігі бір орталықтан билік құрып тұрған тұста аталмыш Қарашығанақтың газы мен газ конденсатын жергілікті жерде өндеуге еш мүмкіндік болмады. Содан оны эксперименттік тұрғыда іргедегі Орынбор мұнай өндеу зауытына жөнелтуге апыл-ғұпыл шешім қабылданды.

Бірақ Орынбор мұнай өндеу зауытының отандық жабдықтары Қарашығанақтың газы мен газ конденсатынан қолма-қол істен шыға бастаған. Міне бұл күкіртті сутегінің әсері. Орынбор халқы, әсіресе, зауыт маңын мекендейтін бейкүнә тұрғындар жылы орындарын суытып, туған жерлерінен қаша бастаған. Бұл жайында мақала авторы: *«О тоба! Айдың-күннің аманында жылы орынды суыту деген не сұмдық! Орынборлықтар жатпай-тұрмай Қарашығанақты қарғап сіледі. Қарғысқа ұшыраған аталмыш кен орнының әкім қаралары ат тондарын ала қашып, егемендік алғаннан бергі қазақ мұнайының басыбайлы қожасы Н.Балғымбаевтың аузына қарасты. Соның сөзін сөйлесті»,* - деген деректерді алға тартқан.

Атышулы теңіз кеніші төңірегінде 40 жылға жасалған келісім шарт кешегі өткен ХХ ғасырдың үлкен қатесі десек, ат төбеліндей аз ғана үстем топ әлдеқашан бай манапқа айналды. Мақалада: *«Біздіңше, кейбір атыраулық алпауыттар қазірдің өзінде Кувейттің күйін кешіп өздерін іштей бір-бір шейх санайды. Олармен біздің арамыз жер мен көктей. Күнделікті күйбең тіршіліктен титықтағанымыз аздай-ақ айнала қоршаған орта ашымызды қуырып жатыр. Бұл жерде қадап-қадап айтатын нәрсе – келешек ұрпақтың еншісіне қол сұғып жатырмыз. Солардың пешенесіне жазылған ен байлыққа ортақтасып, соңғы он жылдың бергі жағындағы жыртық-тесігімізді атышулы Теңіз кенішінің қойнықонышы аздық еткендей кәрі Каспийдің қайраңымен жаппақпыз. Қайран, балығым ай! Қайтейін, жазмыштан озмыш жоқ. Тағдыр талайымызға жазылғаны әу баста осы шығар бәлкім?!»* деп тілшіміз атышулы Теңіз кеніші жайлы ащы шындықты жайып салған. Бұл тақырыпқа бұрын-сонды ешкім тереңдеп бара алмаған болатын. Яғни іштен тынып келдік. Олай дейтініміз - аталмыш кәсіпорын әлі күнге дейін құпия мекеме іспетті. Бұқаралық ақпарат құралдарының тұмсығы өтпейді. Оның кесір кесапатынан бір жыл

ішінде 11 мың итбалық жазым болған. Ол аз десең, Кең Жылой өңірінде жергілікті тұрғындардың айтуынша құс пен жүгірген аңдардың да аяқтары аспаннан келуде.

Бұл күнде Жайық өзенін жағалай екі қабатты еңселі үйлер, әп-әсем коттедждер салынып, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап келеді. Онда ертеңнен бастап өздері қоныс тебеді. Айналасының бәрі Қытай қорғаны. Оқшауланған өмір, батпан құйрық – бәрі осында. Соған қарамастан атыраулық қазақтарды нағыз хасбатыр десе де болады, өздерінің өлетінін біле тұра ажалмен құшақ айқастырып өмір сүріп жатыр. Жалпы, «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының бас директоры Кевин Лайон бұқаралық ақпарат құралдарының алдында көлгірсуі көбірек болған. Мақалада Атырау аймағының экологиялық мәселелерінің шынайы бет-бейнесі ашылған.

Заманауи технология мен ақпараттандыру жетістіктерін игеру кезеңінде ақпарат таратуда БАҚ-тың қоғамға сіңірген еңбегі жоғары. Жеке тұлғаның, әсіресе жастардың мәдениетін, олардың құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа сипаты күшейіп келеді. Атап айтқанда, аймақтық журналистика, іскерлік журналистика, экологиялық журналистика, әскери журналистика сынды журналистиканың салалық қырлары қоғамның сұранысын қанағаттандыратын жаңа медиа өнімдерді ұсына бастады. Журналистиканың сан түрлі саласы арқылы олар ақпараттық желілердегі ақпаратқа тез және оңай қол жеткізе алады және кейбір медиа мәтіндерді жеке басқара алады.

Сондай журналистиканың ауқымды саласы экологиялық журналистиканың экологиялық мәселелерді бағалау үшін маңызы зор. Экологиялық журналистика адамзаттың экологиялық көзқарасы мен мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, барлық адамдардың қабылдауы мен түсінігі бірдей емес. Заттарды ретке келтіретін әрбір адамға.

Күн сайын экология мәселесіне қатысты ақпараттан көптеген игі істердің, тың бастамалардың жасалып жатқанын көріп жүрміз. Кейбір жағдайларда тек құпия ақпарат ашылмайды және құпия болып саналады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында журналистерге экологиялық білім берудегі қажеттіліктің маңызы мен мәні қарастырылады. Нәтижесінде экологиялық білім берудегі қажеттілік тек журналистерге ғана емес, жалпы қоршаған ортаға, табиғатқа деген жауапкершілікті арттыру мақсатында барлық қоғам адамдары үшін қажетті екенін алға қойылды. Оған дәлел экологиялық білім мен тәрбиенің сонау әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари шығармаларынан бастау алғандығы. Оның өміршеңдігі ұрпақ болашағымен байланысты. Ең алдымен экологиялық тәрбие беруде халық ағарту ісінің алатын орны ерекше. Сонымен қатар, қазақ журналистикасында ойып тұрып орын алар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты ұлт зиялылары табиғатты қорғаудың, салауатты өмір салтын ұстанудың ғылыми алғышарттарын жасады. Аталған қоғам қайраткерлері экологиялық маңызы зор еңбектерін қазақ басысылымдарында жариялап, сол кездегі өзекті мәселелерді көтерген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2021 жылдың 10-қыркүйегінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қайта құрылғаны мәлім. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі болып Брекешев Серікқали Аманғалиұлы тағайындалды. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұлықтау салтанатында еліміздегі экология мәселесіне арнайы тоқталып, жаңа экологиялық саясат, жаңа экологиялық кодекс қажет деген болатын.

Жалпы елдегі қоршаған орта табиғатын қорғау бағытында жоспарланып, атқарылған іс-шараларға ғылыми талдау жүргізу негізінде экомәдениет қалыптастыру мәселелерін жүйелеу жұмыстың басты мақсаты болды. Осы мақсат үрдісінен шығу барысында Қазақстан Республикасы мен алыс, жақын шетелдердегі экология тақырыбындағы зерттеулердің қорытындылары сарапталып, олардағы ортақ траекториялар мен нәтижелі жұмыс үлгілеріне баса көңіл бөлінді. Болашақта өзара бірлесіп жүзеге асырылуға тиісті шаралардың әлеуеті жайында айтылды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен бірге жаңа медианың халық арасында экологиялық тақырыптарды қозғаудағы маңызы зор. Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық өзекті мәселелер бүгінгі журналистикадағы басты өзекті тақырыптар екені анық. Осы айтылған пікірді нақтылау үшін отандық және өзге де шетелдік телевизия бағдарламаларының көрілім көрсеткішіне, баспасөздегі экология мәселелерінің жазылуына, радиобағдарламалардағы экожаңалықтардың сипатына бағам жасай отырып, сандық, контент талдаулар жасалды.

Экология мәселесі – адамзатқа ортақ тақырып. Жер шарының тұтас экожүйесі өзара байланысты. Сондықтан Қазақстан Республикасы мен әлемдік БАҚ-тардағы экологиялық қатерлердің алдын алу мен олардың зардаптарын жою шараларына арналған материалдар жұмыс барысында өзара тақырыптық тұрғыда салыстырыла отырып, жүйелі қарастырылды. Өзара ынтымақтастықты нығайту жолындағы атқарылып жатқан, жоспарланған шаралар қатарына бағам жасалып, бірлескен ұйымдар мен жобалар, пресс-конференциялар, акциялар т.б. сынды ортақ мүддені қамтитын жұмыстардағы өзара үндестік пен ортақтық байқалады.

Зерттеу өзектілігі мен жаңалығы саналатын аймақтық экожурналистика салалық ерекшелігі ашылып, соның негізінде Атырау облысындағы экологиялық мәселелерді БАҚ беттеріндегі мақалалар негізінде талдау жасалды. Талдау барысында экология тақырыбындағы мақалалар көбіне қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық бағыттағы жалпы газеттердің экология, табиғат, қоршаған ортаға арналған айдарларында жарияланғанын байқадық. Бұл тұста айтқымыз келетіні, әрбір өңірде тек қана экологиялық тақырыптарын қозғайтын арнайы жеке газет-журналдар редакциясы ашылса. Кестемен сараптамалық анализ жасау барысында, менмен деген республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің өзінде экология мәселелерін қозғап жазылған мақалалар бір жылда саны бар жоғы 151 мақаланы құрайды. Түйткілді мәселелердің шешемін табу үшін бұл зерттеулер БАҚ тарапынан жеткіліксіз деп санаймыз. Себебі, билік пен халық арасындағы көпірге айналған журналист қауымның еліміздегі мәселелердің шешемін табуындағы рөлі қашанда зор. Сондықтан, егер әр өңірде ашылған редакциясы қасына 4-5 журналисті біріктіре, экологияға қатысты басылым шығарып, билікке нақты талаптар қояр болса, біршама проблемаларымыз өз діттегеніне жетер еді. Екінші тұста, жоғары оқу орнын тәмәмдаған дипломды жас журналистер дипломын құшақтап ауыл бұрышында қалмай, мамандық бойынша тәжірибе жинап, адал қызмет атқарар еді.

Қоршаған орта мәселелері бойынша мерзімді басылымдары (баспасөз материалдары) жанрдағы аспектілер бойынша табиғат қорғау органдарының өкілдерімен және ғалымдармен сұхбаттардың, есептер, мақалалардың басым екенін көрсетті. Сараптамалық мақалалар, сарапшылардың сөздері, журналистік зерттеулер сынды жанрлардың әлі де кемшін тұстарының бар екендігін байқауға болады. Сонымен қатар экологиялық мәселелер бойынша журналистік зерттеу материалдардың жанрлық әртүрлілігі жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты жаңа формаларды талап етеді

Бүгінгі заман талабына сай адамдардың қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын тың бастамаларға бағыттап, оған бейімдеу біршама уақытты қажет етеді. Уақыт бірлігімен қатар қоғамның өзге де негізгі шарттары ескеріліп отыру заман сұранысы. Табиғат қоры шексіз емес. Оның табиғи байлығын пайдалану қоршаған орта ресурсының қалпына келуі мен өсуіне қамқорлық жасаумен ұштасып жатыр. Бұл тарапта әрбір жеке тұлғаның іс-әрекеті табиғат алдындағы жауаптылықпен қатар, экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан экожурналистика түсінігі барлық ғылым саласында маңызды болғандықтан түрлі бағыттарда зерттеулер жүргізілуде.

Бүгінде экологиялық мәселелердің орын алуын адамның мінез-құлқының қалыптасуына бағыттай отырып, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың тиімді, заманауи жолдарын табу қажет екендігін түсіне бастады. Қоршаған ортаны қорғау – ең алдымен адамды қорғау. Ал адамдар үшін ортақ мәселе – экологиялық жағдай. Экологиялық

қатерлердің алдын алып, табиғатты барлық елдермен бірлесе қорғау адамзаттың парызы. Адамның өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өзін қоршаған табиғи ортамен үндестікте, өзара сабақтастықта ғұмыр кешуі – экологиялық мәдениеттің өзегі. Экологиялық мәдениет адамның қоршаған орта жайлы парасатты түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның өзін де жетілдіреді. Сондықтан өскелең ұрпақ санасына экологиялық мәдениетті сіңіруде білім мен тәрбие басты орында тұр. Табиғаттың экологиялық жақсы жай-күйі – адамның жарқын да алаңсыз өмір сүруінің кепілі. Яғни адам өмірі қоршаған орта табиғатымен тығыз байланысты.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен халықтық педагогикасында қолданылған табиғатқа байланысты ұстанымдарды, атап айтар болсақ, ырымдар мен наным-сенімдерді, салт-жоралғыларды ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса қажет. Қандай қиын-қыстау болса да төтеп беріп, әр тауы мен тасын көзінің қарашығындай сақтап, халықтық тіршілік тынысының жібін үзбей, жалғастырып келген қазақ халқының ұлттық дінін сақтау бүгінгі ұрпақ міндеті. Ал бүгінде табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашыр болу дегенмен астас.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мәсімханұлы Д. Өз аспаным өзімде. – Алматы: Ғылым, 2000. – 236 б. 149 Дәлейұлы Д. Дала күнтізбесі: Қазақтардың табиғатпен етене байланысы. <https://www.bag.kz>. 02.08.2016.
2. Шапшанов Қ. Қазақтың экологиялық мәдениеті. <https://www.halyk-gazeti.kz>. 04.06.2015.
3. Мырзабаев А.Б., Мынбаева А.К. Экологиялық мәдениеттің рухани формасы – экологиялық сана // Хабаршы, Қарағанды университеті, Педагогика сериясы. – Қарағанды: Омега, 2015. – 197 б.
4. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түріктердің дүниетанымы. <https://www.gazaguni.kz>. 17.05.2017.
5. Жылқыбаева А.Ш. Салт-дәстүрлердің тілдегі көрінісі (түркі тілдері негізінде). – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2004.
6. Шарманов Т. Экологиялық мәдениет // Таза ел. – 2017, 28 наурыз.
7. «Маңғыстау Медиа» газетінің 2019 жылғы 16-қаңтардағы санында «Каспий экологиясы – адамдар қолында». Авторы – Үміт Жәлеке.